



2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2024 жылғы 22 сәуірдегі № 154 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 23 сәуірде № 6112-05 болып тіркелді

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағының 5-14) тармақшасына, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 болып тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Алматы облысы әкімдігінің 2024
жылғы 22 сәуірдегі № 154 қаулысына
қосымша

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері

--	--	--	--	--

№	Субсидиялау түрлері	Өлшем бірлігі (килограмм, дана)	Субсидияланатын көлем (теңге)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
1.	Балық азықтарына тиесілі субсидиялар			
1.1	Тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары	336000 кг	105	35280,0
1.2	Албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары	144000 кг	270	38880,0
1.3	Бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары	90000 кг	285	25650,0
1.4	Жайын тұқымдас балықтар мен олардың будандары	72000 кг	210	15120,0
2.	Тұқы, албырт тұқымдас балықтар және олардың будандары үшін балық отырғызу материалын сатып алуға субсидиялар (БӨМ)			
2.1	Тұқы тұқымдас шабағы 30 граммға дейін 1 (бір) дана	653200 дана	15	9798,0
2.2	Албырт тұқымдас ұрықтанған 1 (бір) дана уылдырық	3036000 дана	5	15180,0
2.3	Албырт тұқымдас шабағы 10 граммға дейін 1 (бір) дана	604160 дана	25	15104,0
2.4	Бекіре тұқымдас шабағы 10 граммға дейін 1 (бір) дана	57952 дана	250	14488,0
3.	Б а л ы қ өсіру-биологиялық негіздемені сатып алу шығыстарын субсидиялау (БӨБН)	3 дана	500000	1500,0
4.	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірін сатып алу және оларды күтіп-ұстау (ББТАБҮ)			
4.1	Бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін	4300 дана	30000	129000,0
Барлығы				300000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК